



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№6 (140)
Қазан, 2024 жыл

25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

*Ұлттық мерекесі
құтты болсын!*

Құрметті профессор-оқытушылар құрамы! Қадірлі әріптестер!

Осыдан екі жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Республика күнінің мәртебесі жоғарылап, араға ұзақ жылдар салып ұлттық мереке ретінде күнтізбеге қайта оралғаны белгілі. Ал 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні және азаттық үшін құрбан болған ерлердің рухына тағзым ету күні болып белгіленді.

Бұл – тәуелсіздік тұсындағы тарихымызға жаңаша көзқарастан туындаған оң өзгеріс деп білген жөн. Оның дәлелі – бүгінде азаттығымыздың алтын арқауы саналатын осынау қуанышты күн еліміздің әр түкпірінде еркіндіктің жалауындай тойланып жатыр.

Егемендікке қол жеткізген отыз жылдан астам уақыт ішінде ана тіліміз, төл тарихымыз, әлеуметтік-саяси-экономикалық және рухани құндылықтарымыз қайта

тұғырына мінді. Экономикада, мәдениетте, спортта алуан биіктерді бағындырдық. Жаһан алдында өзіңді мойындатудың жалғыз жолы – білім мен ғылымды игеру. Жастарымыз ғылымның соңғы жетістіктерін меңгерсе – қуаныш, ал сол білімін туған Отанының пайдасына жаратса – ол мақтаныш.

Осы орайда барша Қазақ Елін ұлық мереке – Республика күнімен құттықтаймын! Отбасыларыңызға амандық, мемлекетті дамыту жолындағы қызметтеріңізге толымды табыс тілеймін. Тәу етер тәуелсіздігіміз баянды, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Саламат ИДРИСОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
басқарма төрағасы – ректоры



www.asu.edu.kz



media@asu.edu.kz



[atyrauuniversity_official](https://www.instagram.com/atyrauuniversity_official)



Атырау университет





АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ – VII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «КАСПИЙ ОЙЫНДАРЫ» УНИВЕРСИАДАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттері VII халықаралық «Каспий ойындары» универсиадасында командалық есепте бірінші орын алды. Ресей Федерациясының Астрахан облысында өткен командалар – жеңіл атлетика, фиджитал-футбол, самбо, жүзу, волейбол, футбол, шахмат, дойбы сынды спорт түрлерінен сынға түсті.

Биылғы универсиадаға Каспий маңы мемлекеттерінің 14 жоғары оқу орнынан 700-ден астам студент қатысқан. Бес күнге жалғасқан спорттық сайыста Атырау университетінің 1-курс студенті Гүлхан Шыңғысхан жеңіл атлетикадан 1500 және 3000 метрге жүгіруден күміс, 800 метрге жүгіруден алтын медаль иеленді. Ал 3 курс студенті Әлфия Мұхиденова 3 мың метрге жүгіруден қола медаль еншіледі.

Тартысты додада Атырау университетінің намысын қорғаған бес бірдей палуан жеңімпаз атанды. Самбодан боз кілемде сынға түскен Нариман Мұхан (58 кг), Қазбек Аңсаған (64 кг) және Бекбол Мұқашев (88 кг) өз салмақ дәрежесінде 1 орын иеленіп, алтын медаль тақса, Дінмұхаммед Қилымов



(71 кг) күміс, Дінмұханбет Шаменов (71 кг) қола медаль алды.

Университет студенттері командалық есепте шахмат және дойбы ойындарында да үздік нәтижеге қол жеткізді. Көптілді білім беру факультетінің 1-курс студенті Жанель Әдиет пен инновациялық білім беру факультетінің 1-курс студенті Бекарыс Жұмалиев дойбыдан 1-орын иеленсе, аударма ісі мамандығының 1-курс студенті Нұрбек Хайрошев шахматтан чемпион атанды.

Каспий ойындарында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің командасы ерлер арасындағы баскетболдан, фиджитал баскетболдан және 8х8 футбол ойынынан 1-орын алды. Сайысқа қатысқан университеттер арасында атыраулық студенттер самбо, шахмат, дойбыдан да командалық есепте бірінші орын, ал фиджитал-футбол мен волейболдан ерлер командасы екінші орынға тұрақтады.

VII халықаралық «Каспий ойындары» универсиадасының қорытындысы бойынша Х.Досмұхамедов Атырау университеті жалпы командалық есепте бірінші орынды жеңіп алды.

Дәурен МАХИМОВ



«ҚЫПШАҚ ҚОҢЫР» КІТАБЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Атырау университеті қабырғасында белгілі түркітанушы, мәдениет қайраткері, Мажарстан ғалымы Қоңыр Иштван Мандокидің 80 жылдығына арналған ақын, жазушы Маржан Ершудің «ҚЫПШАҚ ҚОҢЫР» атты кітабының тұсаукесер рәсімі ұйымдастырылды.



Қазақ-мажар халықтарына ортақ тарихи тұлға жөнінде тың туйындыны оқырмандарға таныстыру мақсатындағы іс-шараны университеттің басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов ашып беріп, Қоңыр Мандокидың сан қырлы тұлға, соның ішінде түркі халықтарының басын біріктіру үшін саналы ғұмырын ғылым және руханият жолына сарп еткен қайраткер екендігін атап өтті.

Жиында Көптілді білім беру факультетінің деканы, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Меруерт Аманғазиева модератор болып, Қоңырдың қазақ халқымен рухани жақындығы, байланысы жөнінде әңгіме өрбітті.

Тұсаукесер рәсіміне ғалымның өмірлік жары, Атырау өңірінің тумасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры Оңайша Мандоки

Мақсымқызы арнайы келіп, студент жастарды Қоңыр Мандоки секілді өз тіліне, тарихына, мәдениетіне құрметпен қарауға шақырды.

Ал автор Маржан Ершу қонақтарға бұл еңбекті жазуға қалай дайындалғандығы жөнінде айтып, Қоңыр өмірі мен шығармашылығына қатысты кейбір деректерді келтіре кетті.

Кітаптың лентасын Оңайша Мандоки, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешов және п.ғ.д., Атырау облысының Құрметті азаматы Асхат Иманғалиев қиып, оқырмандарға үлестірді.

Іс-шара соңында ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Сақтайұлы ғалымның жұбайы Оңайша Мақсымқызын Сұлтан Бейбарыс атындағы медальмен, Маржан Ершуды Махамбет атындағы медальмен марапаттады.

Өмірбек КЕНЖЕАХМЕТОВ



НҰҒЫМАН МАНАЕВТЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ КЕЛБЕТІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми-кеңес залында мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Нұғыман Сәрсенұлы Манаевтың туғанына 130 жыл толуына арналған «Нұғыман Манаевтың тарихи тұлғасы және идеяларының заманауи келбеті» өңірлік оқу-әдістемелік семинары өтті.

Семинарға әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Мақсат Тәж-Мұрат, Атырау университетінің профессоры Аққали Ахмет, педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD, Н.Манаевты зерттеуші ғалым Ғабит Кабеменов, Ә.Бөкейхан атындағы «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының бөлім басшысы Елдос Тоқтарбай, «Нұғыман Манаев. Шығармалары» кітабын құрастырушы Ертай Біләл, Ә.Бөкейхан атындағы «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры Ұшқын Сәйдірахманұлы, «Qyr Balasy» қоғамдық қорының Президенті Жанболат Абайхан, Құрманғазы аудандық С.Манаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің директоры Рафхат Мукшев және ғалымның жиендері Раушан және Роза Джангабаева-

лар, шөбересі Мадина Манаева және университеттің профессор-оқытушылары, магистранттар мен студенттері қатысты.

Баяндамашылардың сөзінде ауқымды мәселелер қозғалып, Нұғыман Манаевтың атқарған қызметі, өмір жолы туралы айтылып, «Нұғыман Манаев концепциясын репрезентациялау мәселелері», «Ағартушы Нұғыман Сәрсенұлы Манаев және Алаш мұраты», «Жылдар жылнамасындағы Нұғыман Манаев», «Нұғыман Манаев шығармашылығы Алаш мұрасы контекстінде» тақырыбындағы баяндамалар тыңдалды.

Іс-шарада Qyr Balasy қоғамдық қорының атынан Аққали Ахмет, Мақсат Тәж-Мұрат, өлкетанушы-ғалым Өтепберген Әлімгереевтің қызы Айнұр Әлімгереева, алаш арысы Ғұбайдолла Бердиевтің шөбересі Бақыт Жұмахмет және Нұғыман Манаевтың жиені Раушан Джангабаева алаштану ғылымына сүбелі үлес қосқаны үшін «Алаш зиялысы» медалімен марапатталды.

Жиын Нұғыман Манаевтың «Иман-Ислам» кітабының тұсаукесерімен қорытындыланды.

ОНЛАЙН-КУРС ӘЗІРЛЕУ АРҚЫЛЫ 1000 ДОЛЛАР СЫЙАҚЫ АЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы Айнұр Тәжиденова Coursera платформасына онлайн-курс әзірлегені үшін марапатталды. Университеттің басқарма төрағасы-ректоры Саламат Идрисов жоба авторын қабылдап, ризашылығын білдіріп, университет ұжымы атынан 1000 доллар көлемінде сыйақы табыстады.



ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қазақстандық студенттерге әлемдік деңгейдегі озық білім беру платформаларын тегін пайдалану мүмкіндігін ұсынды. «Министрлік Coursera-дағы әлемнің үздік ондығына кіретін университеттердің 100-ден астам курсын қазақ тіліне аударып, студенттерге оқу процесіне енгізді. Бүгінгі таңда Қазақстанның 25 өңірлік университетінен 47 мың студент 70 мыңнан астам курсты аяқтап шықты», - деп атап өтті С.Идрисов.

Аға оқытушы Айнұр Тәжиденованың «Бизнес жоспарлау негіздері» атты курсы - халықаралық білім беру платформасына Қазақстан тарапынан енгізілген алғашқы дәрістердің бірі. Курсты жүздеген студенттер мен кәсіпкерлер Coursera платформасы арқылы оқып, бизнес-жоспарлаудың маңызды дағдыларын меңгеруде. «Бұл курсты студенттер аудиторияға келмей-ақ, өздеріне ыңғайлы уақытта ашып оқып,

дәрістерді тыңдап, тапсырмаларын орындап, сертификат алады. Соның негізінде тиісті бағаларын да алып, курстан өтеді. Бұл студенттерге де, оқытушыларға да өте тиімді. Өз кезегімде, онлайн-курс дайындау арқылы босап қалған уақытымды ғылыми зерттеулер мен мақалалар жазуға арнаймын», - дейді А.Тәжиденова.

Әлемдік деңгейдегі онлайн-курстарды әзірлеуде білім беру саласына айтарлықтай үлес қосып жүрген оқытушылар университет тарапынан әрдайым қолдау көреді. Сонымен қатар онлайн-курстар дайындаған қызметкерлер университеттің КРІ бойынша жоғары бағаланады.

Coursera - дәстүрлі сабақ өту негізінде құрылған әлемдік деңгейдегі танымал онлайн-платформа. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен қазақстандық оқытушы-профессор құрамы биыл осы платформаға өз дәрістерін енгізу мүмкіндігіне ие болды.



БІЛІМ ГРАНТТАРЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті білім алушылардың ын-таландыру бағытындағы шараларды ұдайы атқарып отырады.

Жуырда осы мақсатта оқу орнының 43 студентіне босаған білім гранттары және 6 студентке қосымша гранттар берілді.

Атап өткен жөн, босаған білім гранттары білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негізде білім алушыларға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің конкурсы негізінде тағайындалады.

Конкурс бүкіл оқу кезеңінде үлгерімнің орташа балы (GPA) ескеріліп және аралық аттестаттаудың нәтижесі бойынша куәлік беріле отырып өткізілді.

Аталмыш конкурсқа 2023-2024

жылғы оқу жылының жазғы сессиясында үздік нәтиже көрсеткен студенттер қатысуға мүмкіндік алды.

Грант иегерлерін академиялық мәселелер жөніндегі профессор Асхат Чукуров арнайы құттықтап, факультет декандары студенттерге сертификаттарын табыс етті.

Олардың қатарында үздік оқып, Польша еліне академиялық ұтқырлықпен білім алуға аттанған студенттер де бар.

Сандарды сөйлетсек, республикамызда жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, 2025 жылға дейін гранттар саны 50%-ға артады. Бұл - кемінде 75 мың адам мемлекеттік қолдауға ие болады деген сөз.



ТАРИХ ЖӘНЕ ТҰЛҒА: НҰРТАС ОҢДАСЫНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Атырауда мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың 120 жылдығына арналған «Тарих және тұлға: Нұртас Оңдасыновтың қоғамдық және мемлекеттік қызметі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Жиынға Мәжіліс комитеті төрағасы, профессор, академик Бейбіт Мамраев модераторлық жасады.

Конференцияда Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов құттықтау сөз сөйлеп, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жедел хатын оқыды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов конференция жұмысына сәттілік тілеп, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын оқып, «Нұртас Оңдасынов қоғамдық қоры» қамқоршылар кеңесінің төрағасы Серік Тәукебаевқа табыстады.

Жиында алғашқы болып нұртастанушы ғалым, жазушы-журналист Гүлсім Оразалиева баяндама жасады. Ал филология ғылымдарының докторы,

профессор Ислам Жеменей ұлт қайраткері Нұртас Оңдасыновтың арабша-қазақша, парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктері тіл ғылымын, ұлт тарихын зерттеуде маңызды рөл атқаратын құнды еңбек екеніне тоқталды. «Нұртас Оңдасыновтың түсіндірме сөздіктері ғалымдар үшін – шамшырақ. Ол араб, парсыдан қазақ тіліне енген кірме сөздердің барлығын хатқа түсіріп, түсіндірмесін жасап берді. Бұл – көбінің қолынан келмейтін іс. Біз орта ғасырдың тілін зерттейтін болсақ, бұл сөздікке мұхтажбыз. Ирандықтар үшін Авеста сөздігі, түркілер үшін Махмуд Қашақаридың еңбегі қаншалық қажет болса, қазақ тілін зерттеу үшін Нұртас Оңдасынов атамыздың сөздігі

соншалықты маңызды болмақ. Мысалы, Мұста Кемал Ататүрік Түркия Республикасын құрғанда түрік тілі «Османлы тілі» деп аталатын еді. Түгелі дерлік, арабша, парсыша сөздер болатын. Ол тұтас түрік сөзін өзге тілден енген сөздерден тазартты. Нұртас атамыз да дәл солай қазақ тіліндегі кірме сөздерге түсініктеме беріп, сөздігін жасап берді», – деді ғалым Ислам Жеменей.

Өз кезегінде қоғам қайраткері, тіл жанашыры Оразкүл Асанғазы Нұртас Оңдасыновтың тұлғалық болмысы мен ұлттың жоғын жоқтаған қайратерлік қырларына кеңінен тоқталса, «Нұртас Оңдасынов қоғамдық қоры» қамқоршылар кеңесінің төрағасы Серік Тәукебаев конференцияны ұйымдастырған облыс әкімдігіне, Атырау университетінің ұжымына алғыс білдірді.

Бұдан бөлек, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының

докторы, профессор, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Батыс өңірі жазушыларының шығармашылығын зерттеу ғылыми орталығының жетекшісі Қадыр Жүсіп ұлт қайраткері Нұртас Оңдасыновпен өмірінің соңғы жылдарында Мәскеуде кездескен естеліктерін айтып, оның өз аузынан естіген Атырау халқына деген ерекше құрметі мен тілегін жеткізді.

Конференция аясында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Хисмет Табыл-диев атындағы Атырау өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ғылыми-зерттеу институты ғалымдары дайындаған «Нұртас Оңдасыновтың 1955-1962 жылдары Атырау облысын басқарған кездегі еңбек жолына арналған зерттеулер кітабының тұсауы кесіліп, «Ұлт қайраткері – Нұртас Оңдасынов» деректі фильмі көрсетілді.

Жәнібек ҒАЛЫМ

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ – АЛАШ АЙНАСЫ

Облыс орталығында «Х.Табылдиев атындағы Атырау өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ғылыми-зерттеу институты және «Халелтану» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен жан-жақты ғалым, ұлт қайраткері Халел Досмұхамедұлы есімінің Атырау университетіне берілгеніне 30 жыл толуына арналған «Халел Досмұхамедұлы – Алаш айнасы» атты дөңгелек үстел өтті.

Оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы және студенттер қатысқан жиында тарих ғылымдарының докторы, «Х.Табылдиев атындағы Атырау өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сайпулла Сапанов модератор болды.

Бірінші болып Х.Досмұхамедов атындағы сыйлықтың иегері, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Амангелді Шамғонұлы сөз алып, сол кездегі Атырау педагогикалық институтына Х.Досмұхамедовтің есімін беру төңірегінде баяндама жасады. Аталмыш қадамға түрткі болған алғышарттарды атап өтті. Сондай-ақ, білім ордасының жанынан Халел музейін жасақтау және «Халелтану» пәнін оқытуды жалғастыру жөнінде ұсыныс-тілектерін айтты.

Келесі баяндамаларда тарих ғылымдарының докторы,

Х.Табылдиев атындағы ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Аққали Ахмет архив ол – мемлекеттік стратегиялық байлық екендігін келтіре отырып, бұған дейінгі Воронеж облысының архивінде және Мәскеудің мемлекеттік әскери архивінде табылған құжаттар негізіндегі тың деректермен бөлісті.

Бұдан бөлек, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан және дүние жүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры Лесқали Бердіғожин тәуелсіздік жылдарындағы Х.Досмұхамедұлы мұраларының зерттелуіне қатысты тоқталса, педагогика және психология кафедрасының доценті Айдар Сабыров Халелдің қоғам ішінде көп айтыла бермейтін шығармашылық-баспагерлік қызметі жөнінде әңгіме өрбітті. Ал психология ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология кафедрасының доценті Нұрсұлу Иманғалиева «Ғалым мұрасындағы жалпы психологиялық және психофизикалық мәселелер» тақырыбында баяндама жасады.

Іс-шара қорытындысымен модератор Сайпулла Сапанов қатысушы студенттерді, магистранттарды Х.Досмұхамедұлының ғылыми-мәдени мұрасын зерттеу ісіне мейлінше атсалысуға шақырды.

Өмірбек КЕНЖЕАХМЕТОВ



Амангелді Шамғонов – Х.Досмұхамедов атындағы сыйлықтың иегері, қауымдастырылған профессор:

«XX ғасырдың 80-жылдарының соңы мен 90-жылдардың бас кезінде Гурьев педагогикалық институтына Қазақстанның білімі мен ғылымын дамытуға зор үлес қосқан қайраткердің есімін беру туралы мәселе көтерілді. Жұртшылық арасында ГурПИ-ге есімі Қазақстанның батыс өңіріне белгілі тұлғалардың бірі таңдалғаны дұрыс деген пікір айтыла бастады. Ақыр соңында пединститутқа екі адамның біреуінің есімі лайық болады деп шешілді. Олардың біріншісі – Қазақстанның бұрынғы халық ағарту комиссары Сейтқали Меңдешов, екіншісі – профессор Халел Досмұхамедов. Екеуін де XX ғасырдың 30-жылдарының соңына қарай «Халық жауы» деген жалған жаламен ату жазасына кескен болатын. ГурПИ-ге есімдері лайық деп танылған олардың қазақ елінің білімі мен ғылымының дамуына сіңірген қандай еңбектері болды деген сұрақ туындайды. Осы орайда Сейтқали Меңдешовке тоқталуды жөн көрдім. Ол 1882 жылы Бөкей ордасы аумағында дүниеге келген. XX ғасырдың соңына қарай Қазан қаласындағы духовная семинарында алған білімінің арқасында бұрынғы Бөкей ордасы аумағында мұғалімдік қызмет еткен. Соның ішінде Теңіз өңірінің орталығы Ганюшкино селосында мұғалім болып балаларды оқытқан. Кейін Бөкей ордасы Губерниясының халық ағарту бөлімін басқарған. Қазан төңкерісінен кейін большевиктер партиясына мүше болып, Қазақстанда кеңес өкіметін ағарту ісіне белсене араласқан. 1920 жылы қазан айында Орынбор қаласында өткен Қазақ АКСР-ның I съезінде Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің төрағасы, қазіргі тілмен айтқанда Республика президенті болып сайланған. XX ғасырдың 30-жылдарында Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болған. Екіншіке орай, Сейтқали Меңдешов 1938 жылы «Халық жауы» деп танылып, атылды».

ҚАЙРАТКЕР

айналдыру қажеттілігін айтты. Маңғыстауда мұнай–газ барлау жұмыстарын ерекше қарқынмен жүргізуге ықпал етті. Ірі барлау экспедициялары, трестер құрылды. Н.Оңдасынов бұл жұмыстарға белсене араласып, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетімен табылды. Оның жарқын да айшықты мысалы академик Қ.Сәтбаев басқаратын Ғылым академиясы ғалымдарын мұнайлы өлкеге шақырып, оларды мұнай саласына бағыттай білді. Баяндамада Индерборат руднигі 1957 жылдың руда өндіру жоспарын мерзімінен бұрын орындағанын атап өтті. Индер аймағында бораттан басқа гипстің, калий тұзының мол көзі, сода өнеркәсібі үшін, цемент өндіру үшін қажетті шикізаттар бар екендігін ерекше атап өткен. Индердің байлықтарын неғұрлым толық пайдалану, таяу уақытта бұл аймақты комплексті өркендету шараларын қолға алатындығын конференция жұмысына қатысушылардың назарына берді.

Балық өнеркәсібі саласы бойынша 1957 жылдың балық аулау жоспарын мерзімінен бұрын орындаған. Алайда, облыстың балық өнеркәсібінде жағдай жақсарған жоқ дей келіп, баяндамашы облыс бойынша балық аулау жоспары 1956 жылы 85 пайыз, ал 1957 жылы 96 пайыз орындалды деді. Әсіресе, Теңіз ауданында балық шаруашылық ұйымдары жұмысты нашар атқарғандығын, балық аулау құралдары мен техниканы пайдалануда көп кемшіліктерге жол берілгендігін, еңбек тәртібінің жолға қойылмағандығын сынға алды. Сонымен бірге, қарапайым еңбек адамдары – балықшылардың мәдени–тұрмыс жағдайына тиісті қамқорлықтың жоқтығы да аталып өтті. Баяндамашы балықшы колхоздар мен моторлы балық аулау станцияларының істері жөніндегі облыстық басқарманың басшылары Жазықбаев пен Печенкинді қатты сынға алды. Олар және жергілікті партия ұйымдары мен кеңес органдары балықшы колхоздардың экономикасына тереңірек зер салмайды, ұйымдастыру жұмысын және колхозшылар арасында бұқаралық-саяси жұмысты қанағаттанғысыз жүргізілетіндігін атап өтті. Гурьев балық консерві комбинаты өндірістік жоспарын үнемі орындамай келеді. Кәсіпорындарда шикізатты, материалды артық жұмсаушылық, финанс тәртібін бұзушылық, өнімнің өзіндік құнын қымбатсыту орын алып отырғандығын ашық та әділ түрде сынады. Сыннан қортытынды шығаруға шақырды. Сынның нәтижесі де болды. Облыста шаруашылықтың барлық саласында ел мүддесі мен халық игілігі үшін жұмыстар қарқынды түрде жүргізілді.

1958 жылы сәуір айында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1957 жылы мал шаруашылығындағы жетістіктері үшін облыс бойынша көптеген шопандар және мамандарымен бірге Н.Д.Оңдасынов екінші рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Бұл мемлекет тарапынан Н.Оңдасыновтың Гурьев облысының экономикасын көтерудегі қажырлы еңбегіне берілген марапат болатын.

Гурьев облысында мал шаруашылығына ерекше көңіл бөлінді. Н.Оңдасынов басқарған жылдары аталған шаруашылық қай уақытта да назардан тыс қалмады. Облыста мал шаруашылығында есім анық байқалды. Қой басы 260 мыңға өссе, жүн өнімі 136,6 пайыз, сүт өнімі 105,3 пайызға, ет өнімі 108,9 пайызға орындалды. Жаңадан 8, оның ішінде 6 қой, 1 көкөніс–сүт және 1 мал бордақылау совхоздары құрылды. Осы қажырлы жұмыстардың нәтижесінде облыстың совхоздары мен колхоздары 1959 жылы 1958 жылмен салыстырғанда мемлекетке сапалы етті үш есе артығымен тапсырды.

Н.Оңдасыновтың бастамасымен 1958 жылы Қазақ ауыл шаруашылық Ғылым академиясының көшпелі сессиясы Гурьевте өткізілді. Сессия мәжілісінде академиктер Д.А.Зыков, М.Ермеков, облыс басшысы Н.Оңдасыновтар сөйледі. Сессия барысында «Ауыл шаруашылығын жаңа сатыға көтерейік» тақырыбында жасаған баяндамасында: «Мал шаруашылығын дамытуда нұқсан келтіріп отырған кемшіліктердің бірі – шабындық және жайылымдық участктардың тапшылығы. Сондықтан облыстық су шаруашылық басқармасының алдында тұрған күрделі міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыруына күш салу керек. Бұл үшін Республиканың Су шаруашылық министрлігінің қаражат және техника бөледі ойластырған жөн. Соңғы жылдары теңіз жағалауларын игеруді қолға алдық. Өткен жылы бұл өңірден 120 мың гектар жер игерілді. Мұнда негізінен ірі қара мен қой қыстатылады. Алайда бұл өңірді толық игеру үшін Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының Механикаландыру және электрлендіру институтының көмегі керек. Екпелі мал азықтарын, жүгері, беде, судан шөптерін және будан басқа да екпе шөптерді көп егіп, одан мол өнім жинауды қамтамсыз ету үшін Гурьев тәжірибе станциясы және академияның тиісті бөлімі көмек көрсетсе дұрыс болар еді. Ауыл шаруашылық ғылым академиясының белгілі ғалымдарының Гурьев тәжірибе станциясына жас маман кадрларды даярлауға көмектесуі керек–ақ. Академия институттарының облыста мал шаруашылығын өркендетуге байланысты мәселелерді тез шешкені жөн болар еді», – деп түйіндейді.

«Казахстанская правда» газетінде 1958 жылдың 18 қазанында Н.Оңдасыновтың «На пути крутого подъема овцеводства» мақаласы жарық көріп, оны облыстық «Прикаспийская коммуна» газеті көшіріп басты. Мақалада қой шаруашылығын жақсарту туралы мәселелер көтерілді. 1959 жылдың мамырында 1958 жылдың нәтижесі бойынша Гурьев облысы мал шаруашылығындағы жетістіктер үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Бұл облыс басшылығының нәтижелі еңбектегі табысы болатын. 1959 жылы облыста 5 орта, 22 сегізжылдық, 31 бастауыш мектеп 15 240 оқушы орыны пайдалануға берілді. Осы кезде білім беру саласына өндіріс кәсіпорындары, құрылыс басқармасы, колхоз, совхоздар тарапынан шефтік көмек көрсету шынайы түрде қолға алынды. Нәтижесінде 42 мектеп, шалғайдағы малшы балалары үшін 39 интернат ғимараттары, 95 оқу шеберханасы, 26 спортзал және сонымен бірге 1067 мұғалімге үй берілді. Бұл болашақ кадрлар үшін аса қажетті шаралар болатын.

Н.Оңдасынов облыс жағдайын өте жақсы білетін білікті басшы еді. Сондықтан шаруашылық және мәдени салаларға айрықша көңіл бөлді. Тағы да бір ғана

мысал, облыс жұртшылығының есінде ерекше сақталып қалған 500 адамдық оркестрді ұйымдастыруы, оның дирижерлығына Н.Тілендиевті шақыруы тарих бетінде хатталып қалды. Н.Оңдасынов басқарған 1957–1962 жылдар аралығында облыстың экономикасы өрлеу үстінде болды. Алайда 1962 жылы 26 наурызда Гурьев обкомының ІІІ Пленумы 58 жастағы Н.Оңдасыновты І–шы хатшылықтан босатып, зейнеткерлікке жіберді. Бір сәт Н.Оңдасыновтың адами–имандылық болмысы туралы ел аузындағы мына әңгімеге құлақ түрелікші.

Бірде Нұртас Дәндібайұлы жұмыс бабымен Маңғыстау түбегіндегі Фортқа келеді. Келген беттегі бірінші сұрағы: «Ержан молда тірлікте бар ма?» «Бар» деген хабарды ести салысымен, осы ауылға ат басын туралайды. Қасында, сірө, бір топ адам. Жұрт аң–таң. Бұл ел білгенде, обкомның хатшысы деген қожа–молдалардан аулақ жүруші еді. Ал бұл кісі керісінше, молданы іздеп келеді. Және жай іздемей, жолшыбай досқар пейіл танытып, сұрағыштап келеді. Бұлар келгенде Еркекең есік алдында тұр екен.

- Ау, Нұртаспысың?
- Иә, Нұртаспын, Еркеке.
- Е, міскінім, дені–қаңы сау жүр екенсің ғой.

Екеуі құшақтасып көріседі. Жұрттың көзі шарасынан шығып кете жаздайды. Өйтпегенде ше! Обкомның бірдей бірінші хатшысын «міскін» дейді мына хазірет. Ал, ол бұл ел ұғымында жаман сөз. Ең мүсәпір, мұбақ адамға қарай айтылады (әрине, бұл сөздің жақсы мағынада екенінен бұлар бейхабар). Екеуі сол күні түнде бөлек бөлмеде түнеп шығады. Екеуара не айтқандары белгісіз. Ертеңгі күні суыртпақтап сыр тартқанда, хатшының жауабы: «Кезінде көп шапағатын көрген сыйлас аға еді» деген жалғыз сөзге сыйды. Ал Еркекең көп сыр айтпайды. (1936 жылы Ержан хазірет Төлегенұлы 1936 жылы бес жылға сотталып, сосын ақталған. Кейін тағы 10 жылға сотталып, жер аударылған адам). Сөйтсе, Н.Оңдасынов кезінде Ержан хазіретпен діни медреседе бірге оқыған екен.

Нұртас Дәндібайұлы өмірінің соңғы жылдарында арабша–қазақша, парсыша–қазақша бірнеше том сөздік жазғанын білеміз. Осы аталған сөздікті жазу барысында академик Әбдуәлі Қайдаров Нұртас ағамызбен қалай танысқаны туралы былай деп еске алады: «Нүрекеңмен мені ешкім таныстырған жоқ, біз өзіміз таныстық, дәлірек айтсам, Нүрекеңнің өзі мені академияға іздеп келіп танысты. Бізді бірден жақындастырып кеткен «Арабша–парсыша–қазақша түсіндірме сөздігі» жайындағы ортақ әңгіме болды. Сол кездесуде біз көп әңгімелестік. Әңгімесі сыпайы да әсерлі еді. Үлкен басын кішірейтіп, баласындай адамның алдына келіп: «Қартайда да өзіме ақылдасар ҰСТАЗ ІЗДЕП ЖҰРМІН...», – деп бастаған керемет сөздері мені қалай баурап әкеткенін байқамай қалдым», – дейді. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасынов академияның зәулім биік сарайының алғашқы іргетасы үшін қазыла бастаған үлкен шұңқыр табанына үкімет адамдарымен келіп, «Қазақ ғылымы күмістей таза болсын!» деген тілекпен күміс тиыннан шашу шашып, ақ батасын берген.

Ел есінде осындай әңгімелердің біразы сақталған еді, ұмытылғандары қаншама дерсін. Сабайп келгенде бәрінің айтар түйіні – Нұртас Дәндібайұлының елден ерек өмір кешпегендігін, «көппен бірге көрген ұлы той» деп, халық нені ішіп, нені кисе, соны солармен бірдей тұтынғандығын, ешкімге қиянат жасамағандығын, бұл тұрғыда ол арын да, жүзін де, қолын да таза сақтап кеткендігі ел есінде қалды.

Бір айта кетерлігі Нұртас Оңдасынов қай уақытта болсын, қызмет бабында да өзінің жеке бас қасиетінен алмастай қылпылдаған өткірлігімен, жүзік көзінен өткен шынайы іскерлігімен, ерен еңбеккерлігімен жарып шығып отырды. Осындай кездерде оның бойынан тазалық атты көусар бұлақтың тұнығынан нәр алған тектілік пен деғдарлық атой салып, байқалып тұратын. Соған орай, ол қызмет сатыларынан әрдайым ешкім сүйемей, тек өз еңбегімен, өзінің ғана қажырымен өсіп отырды. Таза жүрді. Таза тұрды. Өмірден таза, кіршіксіз ақ, адал қалпында өтті. Ел азаматы атанған тау тұлғалы тұлға Нұртас Дәндібайұлы 1989 жылдың қараша айында Москва қаласында дүние салды. Туған жері Түркістанда жерленіп, мәңгі тыныстады.

Мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың мына сөздері елінің есінде аңыз болып қалды: 1–ші. «Сондай қиын аласапыран кездерде ел басқарсам да ешкімнің жаны мен қаны мойнымда жоқ – арым таза» сөзі. Бұл туралы Н.Оңдасынов былай дейді: «1937–1938 жылдары боздақтарды атып жатқанда, бір қағазға қол қойған емеспін. Менің бақытым – үкімет басына 1938 жылы қырып–жоюдың жойқыны саябырлаған кезде келгенім болып тұр».

2–ші. «Ешкімге пара беріп, ешкімнен пара алғаным жоқ – қолым таза» сөзі. Оның тағы бір нақтылы дерегі сол – Нұртас ағаның қарапайым өмір кешкендігі сондай, 1962 жылы Гурьевтен Москваға көшкен кезде қолындағы 4 чemoдан және бір контейнер кітаптарымен ғана көшті, артық дүние жинамады. Қазіргідей «қоңырлаутып, шерулетіп» көшпеді.

3–ші. «Ешкімнің руын не жүзін сұраған емеспін, тек қабілетіне қарай қамқорлық жасадым – жүзім таза» сөзі. Бұрын тіпті облыс түгілі, аудандарға басшы кадрларды сырттан әкелетін, не басқа ұлттан қоятын. Н.Оңдасынов бәрін өзгертті. Жергілікті кадрларды тұрақтандырды. Облыс, аудан басшы қызметтерінә түгелдей дерлік жергілікті кадрлар іріктеліп алынды. Оның айқын айғағы – болашақта мемлекет және қоғам қайраткерлері С.Құбашев, М.Исенов, С.Өтебаев, С.Мұқашев, З.Камаладинов, Ө.Балғымбаев, Р.Өтесінов, Ж.Досмұхамбетов Ж.Кейкин, О.Көшеков, Е.Тасқынбаев, Т.Жұмағалиев, Т.Қағазов сияқты т.б. тұлғалар өсіп шықты.

XX ғасырдағы белгілі тарихи тұлғалардың өз кезегінде халқына қалтқысыз қызмет еткен, қазақ мемлекеттігін, ұлтын сақтауға талпынған іс–әрекеттері тарихын зерттеп, зерделеу бүгінгі уақыт еншісінде.

Өмір жолы өнеге боларлық қайраткер Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов осындай ел тарихында қалған тұлға еді. Ел есінде мәңгі қалған аяулы аға, аруағыңызға бас ие отырып, есіміңіз архивтың шаң басқан сөресінде қалмайтындығына кейінгі ұрпақ куә.

Аққали АХМЕТ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, тарих ғылымдарының докторы, профессор



Жеке тұлғалар тарихы ешқашан халқынан бөлінген емес, керісінше, ұлтымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай еліміздің тарихы жазылады. Түптеп келгенде, өмірдің ұрпақтар сабақтастығында жатыр. Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда. Сондай тұлғалардың бірі де бірегейі – мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов.

Тарихқа көз жіберсек, Гурьев облысы партия комитетінің І–ші хатшысы болып Нұртас Оңдасынов 1957 жылғы 31 қаңтардағы облыстық партия комитетінің IV Пленумы шешімімен сайланды. Сол тұста Н.Оңдасынов облыс экономикасымен жақсы таныс алғашқы басшы болатын. Өйткені ол 1955 жылдың шілде айынан Гурьев облысы Кеңес депутаттары Атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған еді.

Елдің үкіметін он үш жыл, яғни 1938 жыл мен 1951 жылдар аралығында басқарған Нұртас Дәндібайұлының тілшіге берген бір сұхбатында: «Біз соғыс кезінде уақытпен санаспай жұмыс істедік. Кабинетте қондық. Үйге тек киім ауыстыруға ғана баратынбыз» деп өзі айтқанындай, ер істің нәтижелі орындалуын табанды талап етіп, күні–түні тыным таппай тындырылған жанкешті еңбектің жемісі. Бүкіл елді бір мақсат пен мүддеге жұмылдыра білу үшін білімнің өзі аздық ететіні белгілі. Сондықтан оның бойынан ұйымдастырушылық, талапшылдықтың табыла біліп, ол ел басқарған «ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен» кезең 1941–1945 жылдары жарқырап көрініп, ел есінде мәңгілікке қалды. Осы еңбектеріне көз жүгірте отырып, бұған енді оның үкімет басшысы болғанға дейінгі, содан кейінгі қызметтері кезінде жүзеге асырған істерінің нәтижесін қосыңыз.

Ендігі бір мезет Атырау облысы мемлекеттік архиві және Атырау қалалық мемлекеттік архиві қорында сақталып, сарғайған құжаттар мен газет тігінділеріне назар аударсақ.

Гурьев облысы тарихында алғаш рет КСРО, Қазақ КСР–сы көлемінде белгілі тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері облысты басқаруға бекіген. Нұртас Дәндібайұлы 1938 жылдың 15 қаңтарында құрылған Гурьев облысының басшылығына келген рет санымен 7–ші баспы болатын. Ал жеті саны халқымыз үшін киелі сан екені белгілі. Н.Оңдасынов Гурьев облысын 1957 жылдың 31 қаңтарынан 1962 жылдың 26 наурызына дейін басқарды.

1957 жылғы 10 наурызда еңбекшілер депутаттарының Гурьев облыстық Кеңесіне 117 Ембі сайлау округі бойынша депутат болып сайланды.

Ел жайымен жете таныс Нұртас Дәндібайұлы І–ші хатшылыққа сайланған соң облыстың әлеуметтік–экономикалық, қоғамдық–мәдени салаларына аса ерекше мән берді.

1958 жылдың 16 қаңтар күні Х облыстық партия конференциясының күн тәртібі бойынша хатшы Н.Оңдасынов «Қазақстан КП Гурьев облыстық комитетінің есебі» туралы баяндама жасады. Баяндамада <1956 жылы облыс өнеркәсібі жалпы өнімнің көлемі 1955 жылғыдан 9,5 пайыз өсті. 1957 жылы өнеркәсіптің жалпы өнім шығару жоспары 100,6 пайызға орындалды.

Мұнай өндіру өнеркәсібі 1957 жылдың жоспарын ойдағыдай орындап, оның үстіне 7, 700 тонна мұнай берді. Есепті мерзімде Тереңөзек, Көшкімбет мұнай алаңдары өндіріске берілді. Қарсақ, Төлес, Тәжіғали алаңдары сынап көру үшін пайдалануға берілді. Мұнай өндіруде жер қабатын гидравликалық жолмен жару, пластыларды қышқылдың көмегімен өңдеу және басқа озат әдістер неғұрлым кеңірек қолданылуда. Ұзақ уақыт артта қалған Қазақстан мұнай барлау тресі қазір жоппар орындайтын болды. Алайда, мұнай өнеркәсібі көзге түсірліктей жақсарған жоқ» – деп атап көрсетеді.

Және оның басты себебін де атап өтеді. Мұнай өндіруді шұғыл арттыруға, еңбектің озат әдістері мен жаңа техниканы батыл енгізуге жұмылдырып отыра алмаған кәсіпшілік басшылығына өткір де, әділ сындар айтылды. Мұнай өнеркәсібінде кадрлардың жауапкершілігін арттыру, жаңа алаңдарды шаппаң игеру, барлау жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту, бұл жөнінде әсіресе «Маңқыстау мұнай барлау тресіне» ерекше көңіл бөлу, мұнай өнеркәсібін комплексті дамыту мәселелерімен нақтылы шұғылдану, энергетика базасын нығайту шараларына көңіл бөлді.

Баяндамашы өз сөзінде Гурьев мұнай айыру заводының ұжымының игілікті жұмысын атап көрсетіп, заводты облыстағы ең озат, облыстың барлық кәсіпорындарына үлгі–өнеге боларлықтай кәсіпорынға

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ


Ұлағатты ұстаздың мерейлі жасына орайластырылған семинарды тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры Лесқали Базарғалиұлы жүргізіп, алғашқы құттықтау сөзді университеттің басқарма аппараты жетекшісі Гүлфайруз Қайырғалиқызына берді.

«Серік Орынғалиұлы – университеттің дамуына үлкен үлес қосып, ғылымда жетістікке жеткен азамат. Алдағы уақытта тек шығармашылық табыстар тілеймін», – деп Гүлфайруз Қайырғалиқызы, басқарма төрағасы–ректор Саламат Нұрмұханұлының арнайы алғыс хатымен марапаттады.

Ғылыми семинарда, мерейтой иесіне алдымен, «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми академиясы» РҚБ президенті, академик Мұрат Жұрынұлы, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д Зиябек Ермұханұлы, Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының басшысы Гүлнұр Жалғасқызы, Мақат ауданының әкімі Азамат Саматұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи–мәдени музей қорығы директоры, т.ғ.д., профессор



Әбілсейіт Қапизұлы, Атырау облысы мемлекеттік архивінің басшысы Айдана Русланқызы, Атырау облысы тарихи–өлкетану музейінің басшысы Мұхамбетқали Қуанышқалиұлы, «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы, т.ғ.к Қылышбай Сүндетұлы



құттықтау тілектерін жолдап, арнайы алғыс хаттарын табыстады.

Ал университеттің оқытушы–профессорлары мен алыс–жақын аймақтан онлайн қатысқан құрметті қонақтар, ғылыми семинарда өз баяндамаларын жасап, тұжырымды ой–пікірлерімен бөлісті.

Салтанатты жиынның соңында мерейлі жасқа шыққан, ғұмырында алғыс арқалаған азамат Серік Орынғалиұлы құрметті қонақтар мен университет ұжымына ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

МАҢДАЙЫМНАН СҮЙГЕН АҒАЙЫМ

Өмір жолымда, Атырау университетінде еңбек еткен жылдарымда талай жанмен сапарлас болдым. Олардан биіктікпен қатар төмендікті, бағалау мен қатар алалауды да көрдім, көңілге түйген сабақ та аз емес. Бүгінде еңбек ететін ұжымымның қадір–құрметі болса, оқытушылық және ғылым бағытында қандай да бір толымды жетістіктерге жетсем, көпшілігі өмірдегі сол бір жайсаң жандардан, ниеті жақсылардан алған тәлім–өнегем болар деп ойлаймын.

Сондай тәлім берген жандардың санатында өзіндік биігін аласартпаған, алдымызда жол көрсетіп, бағыт–бағдар берген ұстаздарымыз баршылық. Адами келбет туралы сөз қозғалса, ойыма атақ–даңққа әуес болмаған, адалдығымен, қарапайым келбетімен Айдар ағайым оралады.

Жыл сайын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ықпалымен ЖОО–дары профессор–оқытушылар құрамы арасында жыл сайын дәстүрлі түрде «Жылдың үздік оқытушысы» атағына конкурс ұйымдастырылатынын бұрыннан білеміз. Себебі университетімізде бұл атаққа ие болған ұстаздар жетерлік. Осы конкурс нәтижесімен мен де 2016 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болғанмын. Осындай қуанышты сәтімде Айдар ағайым құттықтап, маңдайымнан сүйіп, ақ тілеген жаудырған болатын. Ұстазым, бүгінде әріптесім Айдар Рамазанұлының адам жанына қуаныш сыйлап, ерекше құттықтауы ағайдың өзіне тән болатын.

Елімізде еңбек саласындағы саясатты дамыту үшін нағыз еңбек адамының бейнесін дәріптеу жалғасын таба беруі керек. Сол арқылы еңбексүйгіштік пен білімдарлықтың өшпес үлгісін көрсеткен жандардың атқарған қызметі мен салған жолы әркез жас буынға өнеге, кейінгіге сабақ болмақ. Еңбексүйгіштік – адам баласына тән ерекше қасиет екені белгілі, әйтсе де, ол кез–келген адамның бойында кездесе бермейтіні рас.

Атырау университетінде еңбекқорлығымен профессор–оқытушылар құрамы мен студенттеріне өзін мойындата білген жанның бірі – Айдар Сабырұлы. Өз қызметіне берілген абыройлы адамдардың болатыны анық. Ондай адамдардың ғылыми атақтары да болмауы мүмкін. Бірақ өзінің білімдарлығымен айналасын мойындатып, өзін сыйлататыны сөзсіз. Кейіпкерім Атырау университетінің бәсекеге қабілетті мамандар дайындау жолында сапалы білім беру арқылы табысты дамуына үлес қосып келе жатқан бірегей аға оқытушы, доцент десек артық айтқандық емес.

Еліміздің дамуы үшін маңызды сала – педагогикалық білім беруде көп жылдардан еңбек етіп, білімді студенттер тәрбиелеу жолында өзіндік қолтаңбасы бар Айдар Сабырұлының әр сабағын асығыс күтетін студенттерінің бірі едім, қазір де білім алушыларының бүгінде тұлға боп қалыптасуында еңбегі ерекше. Айдар Рамазанұлының Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 70 жылдығына арналған «Ұлықты ұстаздан – ұстамды ұрпақ» деп аталатын мақалалар жинағы қамтылған кітабын сыйлыққа алғанмын. Бұл кітапта ұстаз мәртебесін қалыптастыру мен арттырудың мәселелері, білім беру жүйесіндегі бағыт–бағдарлар бойынша оқытушылық көзқарастар айқын келтірілген. Болашақ мұғалім мамандары үшін таптырмас құрал.

«Күні бүгін өсіп келе жатқан жастарға, болашақ ұрпаққа айтарым, жауапкершілік деген адамгершілік қасиетке кір келтірмеу керек. Абай атамыз айтқандай, «өсек, өтірік, мақтаншақ» деген жағымсыз істен іргені алыс ұстап, ізгілікке ұмтылу керек. Сонда ғана әріптестерің мен білім алушыларың алдында абыройың артады», – деп, әр сұхбатында Атырау университетінде еңбек ететін оқытушылардың бойынан адами қасиеттер табылуы керек деп жиі айтатын Айдар ағайға шығармашылық табыстар тілеймін. Еңбектің биігінен көрініп, зейнетіне жете беріңіз!

Бүгінде мейірімді әке, адал жар, білімді әріптес Айдар Рамазанұлы туралы қалай жазсақ та артық емес. Жасай беріңіз, аяулы ұстазым!

Эльмира АДИЕТОВА,
экономика ғылымдарының кандидаты

МЕРЕЙГЕР

Жанна Шаяхметова – асқаралы 60 жаста

Әрі азамат, әрі ғалым ретінде өзіндік келбеті қалыптасқан апайымыз, қашан да жастардың жанашыры Шаяхметова Жанна Бекболқызы – Атырау университетінің қадірлі ұстаздарының бірі.



Жанна Бекболқызы 1986 жылы Гурьев педагогикалық институты, Тарих–филология факультетінің «Тарих, қоғамтану және совет мемлекеті мен правосы» мамандығын ойдағыдай аяқтап, тарих және құқық бағытындағы мұғалім біліктілігін алып шығады.

Білімге деген құштарлық, ғылымға деген талпыныс Ж.Бекболқызын Атырау университетіне алып келеді. 1990 жылдан университетке оқытушылық қызметке алынып, бұрынғы Заң факультеті, бертін келе құрылған Экономика және құқық факультетінің негізін қалауға атсалысты. Қарапайым кафедра оқытушысы қызметінен бастап, кафедра меңгерушісі, факультет деканы лауазымына дейін көтеріліп, еңбекқорлығымен үлгі болып танылған жанның бірі.

Еңбек жолында жинақталған іс–тәжірибесі мен ұйымдастыру шеберлігі түрлі лауазымдық қызметтерде абыройлы еңбек етуіне мүмкіндік берді. Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастары институтының директоры, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының құқықтық білімдер институты Батыс Қазақстандық филиалы директорының орынбасары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті Заң факультетінің деканы қызметтерін абыройлы атқарғанын білеміз. Жоғары оқу орнында жинаған мол тәжірибесін білім саласында тиімді пайдалан білді.

1994 жылы «Жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының себептері» атты кандидаттық диссертациясын Қазақ мемлекеттік университетінің арнаулы кеңесінде өте жақсы қорғап шықты. Ол еліміздің Батыс өңіріндегі заң бойынша ғылым кандидаты атағын алған алғашқы ғалымдарымыздың бірі еді. 1997 жылы Жоғары Аттестациялық кеңестің шешімімен доцент ғылыми атағына ие болды.

Бүгінде Атырау университетінің Экономика және құқық факультеті, қылмыстық–құқықтық пәндер кафедрасының профессоры Жанна Бекболқызының өмір жолы үлкенге мақтан, кішіге өнеге. Еңбегі елеусіз қалмағанын әр жылдардағы алған мара-

паттарынан көруге болады. Қызмет еткен жылдарында «ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «Қазақстан Республикасында ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, Атырау қаласы әкімінің Алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының грамотасымен, Х.Досмұхамедов атындағы, Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің «Тәлімгер» медальдарымен, ҚР Парламенті Сенаты төрағасының және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Алғыс хаттарымен марапатталған болатын. 2021 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық конкурсының жеңімпазы.

Жанна Бекболқызының отандық және халықаралық ғылыми журналдарда 90–нан астам ғылыми мақалалары жарияланып, бірнеше оқулықтары мен монографиялары, қазақ және шетел тілдерінде ұжымдық еңбектері жарық көрді. Қазақстанда және шетелдерде ұйымдастырылған конференцияларға құқық саласындағы қазіргі кездегі өзекті баяндамаларын ұсынып, ғылыми тағылымдамалар мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысты.

Экономика және құқық факультетінде Салық Зимановтың өмір жолын, азаматтық және адами болмысын насихаттауға, Қазақстанның заң ғылымын қалыптастыруға, мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі қызметімен таныстыру мақсатындағы С.Зиманов атындағы атаулы аудиторияның ашылуына өзіндік үлес қосқан бірден–бір ғалым–оқытушы.

Оның ғылыми жетекшілік еткен шәкірттері ҚР жоғары оқу орындары студенттерінің республикалық пәндік олимпиадаларында жүлделі орындардан көрініп, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің дипломымен марапатталды.

Ол – егемендік жолын таңдаған Қазақстанның келешегінің кемелді болуында, қоғамдағы құқық пен заң саласына қатысты келелі, өзекті мәселелерге ой салып, ел ертеңі жастардың өсіп–өнуі мен дамуында ақыл–кеңесін аямайтын, өзінің бүкіл саналы өмірін құқық саласының белді мамандарын тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз. Ғылым төрінде өзіндік қолтаңбасы бар белгілі ғалым, білікті заңгер ретінде көптің алғысына, шәкірттерінің құрметіне бөленген жан. Ақпараттық кеңістіктің, технологияның қарқынды дамуымен байланысты жаңашылдық, креативті ойлау, өзгеруге тез бейімделу қасиеттері бойынан табылатын, еңбегіне адалдық танытқан, абыройлы да парасат пайымы жоғары ғалым–оқытушымыз бар құрметке лайық.

Факультет ұжымы қадірлейтін, өзін бастаған жастар үлгі тұтатын әріптес асқаралы 60 жас мерейтойымен құттықтап, ұзақ әрі баянды ғұмыр кеше беруін тілейміз.

Самал АЛЬДЕШОВА,
Экономика және құқық факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары,
экономика ғылымдарының магистрі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІККЕ ЖІТІ КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ

Заманауи тәжірибеге сәйкес, жоғары білім беру саласындағы оқу орындары үшін халықаралық байланыс аясын кеңейту – негізгі жұмыс бағыттарының бірі саналады. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жанынан осы үдеден шығу мақсатында «Халықаралық әріптестік және интернационалдандыру» кеңсесі белсенді қызмет атқарып келеді.

Кеңсенің басты миссиясы – оқу процесін жетілдіру және халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, оқытушылар мен студенттердің сапасын арттыру үшін халықаралық білім беру кеңістігіне бірігу.

Ал бұл қалай жүзеге асады десеңіз, кеңсенің жұмысы екі бағытта өрбиді. Біріншісі «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасын ұйымдастыру болса, екіншісі LUP (Language Update Project) – тілдік деңгейді жақсарту жобаларын жүзеге асыру.

Академиялық ұтқырлық – бұл студенттердің шетелде білім алуын және профессор-оқытушылар құрамының шетелдік білім ошақтарында тағылымдамадан өтуін ұйымдастыратын арнайы бағдарлама. Оның өзі бірнеше тармаққа бөлінеді.

Ең әуелгісі – **Erasmus+ (Эразмус) жобасы**. Бұған ағылшын тілінен B2 және француз тілінен B1 деңгейін білу міндетті. Және GPA көрсеткіші 3-тен төмен емес бакалавр студенті болу шарт. Сол себепті көп жағдайда аталмыш жоба бойынша «Аударма ісі» мамандығының студенттері қатысып, Франция, Түркия, Польша мемлекеттерінде білім алып келіп жатады. Грант иегері үшін ақысыз оқу, ұшақпен бару-қайту шығындары, жатын орны, медициналық сақтандыру, виза мәселелері толық қарастырылған. Бірақ айта кететіні, Эразмус арқылы жылына бөлінетін гранттар саны 1-2 орынмен ғана шектеледі.

Келесісі – **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламасы**. Бұл жобада да виза, медициналық сақтандыру, жатын орны, оқу ақысы түгел бюджеттен бөлінеді. Негізгі талап – B2 ағылшын тілі деңгейінің болуы және GPA 3-тен төмен болмауы тиіс.

Үшінші жоба – **университет гранты**. Яғни, студенттер үшін тегін оқу, бару-қайту билеті, тамақ және жатын орны секілді қажеттіліктері қарастырылған. Қалған кейбір шығындарды студент өзі өтеймін деген жағдайда, GPA 2,5-тен төмен болмауы тиіс және ағылшын тілінен B2, түрік тілінен A2 деңгейлері талап етіледі.

Төртінші, ең көп сұраныстағы бағдарламалардың бірі – **Орхун**. Аталған бағдарламада профессор-оқытушылар құрамының және студенттердің Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және Өзбекстан елдеріне баруы арқылы олардың кәсіби деңгейін немесе білімін арттыру көзделеді. Студенттер үшін GPA 2,5-тен төмен болмауы тиіс, ағылшын тілінен B2 және түрік тілінен A2 деңгейлері сұралады.

Бір ерекшелігі – «Орхунда» іріктеуді толығымен қабылдаушы тарап жүргізеді. Әлеуметтік тұрғыдан алсақ, бару-қайту билетінен өзгесі бюджеттен беріледі. Ал оқытушыларға белгілі бір тіл деңгейін білуден бөлек өзінің оқыту бағдарламасын көрсете отырып арнайы форманы толтырып жіберу міндеттеледі. Қорытынды нәтиже тікелей соған байланысты болады. Студенттер бір семестр оқыса, оқытушы-профессорлар бір аптадан бір айға дейінгі мерзімде тағылымдамадан өте алады.

Академиялық ұтқырлықтың тағы бір жобасы өзін өзі қаржыландыру арқылы шетелде оқығысы келетін

білім алушыларға арналған. Бұл бағдарламаның жеңімпаздарына кез келген шетелдік оқу орнына өзге шығындарын өзі өтеп, бір семестр тегін оқуға мүмкіндік беріледі.

Қоса кеткен жөн, жоғарыда аталған кез келген бағдарлама бойынша Атырау университетіне бөлінетін грант саны көктем айларында белгілі болады. Сәйкесінше халықаралық серіктестік және интернационалдандыру кеңсесі тарапы байқау жариялап, сәуір-мамыр айларында үміткерлерді іріктеу жұмыстарына кіріседі. Іріктеуден өткендерімен жаз айларында дайындық жұмыстары жасалып, қыркүйекте жеңімпаздар шетелдік білім ордаларына аттанады.

Тағы бір астын сызып айттып өтетін дүние, IELTS-ы бар үміткерлер тестілеуден босатылып, бірден сұхбаттасуға ғана келеді. Ал сұхбатты әлеуметтік жобалармен жұмыс істейтін тәуелсіз сарапшылар өткізеді.

Бұл ретте **халықаралық кеңсенің жетекші үйлестірушісі Таңатар Ашировты** әңгімеге тартқан едік. Ол академиялық ұтқырлықтан бөлек негізгі стратегиялық міндет саналатын Language Update Project – студенттердің тілдік деңгейін жақсарту мақсатында ұйымдастырылатын тегін тіл үйрену клубтары (speaking club) жөнінде айтып берді. Қазіргі таңда Қазақстанға АҚШ елшілігінің Fulbright бағдарламасы бойынша келген тіл маманы Лайла Гаал студенттерге ағылшын тілін үйретсе, Түркия мемлекетінің Невшехир Хаджи Бекташ Вели университетінің профессоры, докторы, «Түркі халықтарының фольклоры» кафедрасының меңгерушісі Адем Огер түрік тілінен дәріс беруде.

Атап өтерлігі, Атырау университеті биыл үшінші жыл қатарынан ағылшын тілін үйрететін арнайы курстарды жүргізіп келеді.

«Бұл не үшін керек» деген сұрақ төңірегінде кеңсе маманы келесідей жауап келтірді. «Академиялық ұтқырлық аясындағы бағдарламалар басталған кезде бәсекелестік жеткілікті деңгейде болмай жатады. Оған себеп – студенттердің басым көпшілігі ағылшын тілінің тиісті деңгейлерін білмейді немесе үйренуге, меңгеруге құлық таныта бермейді. Мәселен, университетіміздің 8000-дай студентінің ішінде негізінен Көптілді білім беру факультеті, яғни тіл саласына маманданған білім алушыларымыз белсенді деп айта аламын. Басқа факультеттерден физик-математиктерді осы қатарға қосуға болады. Ал басқа профильдегі мамандықтарымыз көп жағдайда қалыс қалып жатады.

Дегенмен сандарды сөйлетсек, тұтас алғанда көрсеткіш жаман емес. Мысалы, соңғы 5 жылдықты алар болсақ, 2019 жылдан бері жүйелі түрде Атырау университетіне академиялық ұтқырлық бойынша жылына 9-10 орыннан бөлініп отыр. Биыл шетелдік оқу орындарына бағдарлама аясында 10 студент жіберілді. Тек бір айтарымыз – студенттеріміз өздерінің тілдік деңгейлерін арттырып, аталған мүмкіндіктерді мүлтік жібермесе екен деп тілейміз» дейді ол.

Өмірбек КЕНЖЕАХМЕТОВ

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Әсем МАРАТҚЫЗЫ, «Екі шет тілі» ББ 4-курс студенті:

«Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Түркияның Измир қаласындағы Эге университетінде бір семестр білім алдым. Атырау университетіндегі мамандығым «Екі шет тілі» болғанымен, Түркияда «Ағылшын тілі және әдебиетін» оқып келдім.

Ондағы профессорлар матери-алды өте жеңіл түрде түсіндіріп, білім алушыға қиын концепцияларды оңай жолмен жеткізеді. Сонымен қатар, сабаққа кіріспес бұрын, әр пәннің бағалау критерийлері мен мақсаттары өте нақты түсіндіріледі. Әр пәннің маңыздылығын және жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін нені басты орынға қою керектігін анық түсіндім. Мұндай тәсіл мұғалім мен студент арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, студенттің талаптарға сай болуына жол сілтейді.

Бұл елде оқуда жүріп байқаған кемшіліктерім де жоқ емес. Оқу бағдарламасында практикалық сабақтардың жетіспеушілігі, интеллектуалды тұрғыдан

қызықты болса да, көбіне теорияға негізделгенін атап кеткім келеді. Қазақстанда практикалық сабақтар және әрбір студентке жеке көңіл бөлу басымырақ, әрі студенттерді академиялық жағынан білім берушілер жиі ынталандырып отырады. Түркиядағы университеттерде студенттің бағасы тек қана емтиханға байланысты болғандықтан, дәрістерге белсенді қатысулары салыстырмалы түрде төмендеу.

Қазірдің өзінде Қазақстандағы білім беру жүйесі теория мен практиканың үйлесімін тауып, қолдану дағдыларын дамытқан. Түркия жүйесінің артықшылықтарына зер салып, елімізге енгізуді қолға алсақ, одан әрі өрлей түсетініне сенімдімін.

Бұл тәжірибеден өзіме түртіп алған әрі басқалармен бөліскім келетін маңызды ақпараттар да бар. Біріншіден, бейімді болыңыз. Бастапқыда бәрі бейтаныс көрінуі мүмкін — тіл, тамақ, дәстүрлер. Алайда адам барлық нәрсеге үйренеді, сондықтан бастапқы уақытта шыдамдылық танытып, жаңашылдыққа ұмтылған абзал.

Екіншіден, айналаңызға жаңа адамдарды толтыруға тырысыңыз. Барған еліңіздің жерлікті студенттерімен тіл табысу арқылы мәдениетті тереңірек үйренуге болады, сонымен қатар тәжірибелеріңіз ұқсас академиялық ұтқырлық бағдарламаларымен келген студенттермен де достасу пайдалы. Тек ол ғана емес, әрі сіз әлемнің түкпір-түкпірінен келген адамдармен жақын байланыста боласыз.

Үшіншіден, тілді үйреніңіз. Тіпті қарапайым сәлемдесу болса да, жергілікті тілде сөйлеудің маңызы орасан зор. Түркияда тіл білмеген алғашқы екі ай мен тілді үйренгеннен кейінгі уақыт арасындағы айырмашылық аспан мен жердей десем артық емес. Тілді білу көптеген мүмкіндіктердің кілті екеніне куәгер болдым.

Ақбаян ҚАЛЫМ, 2022-2023 оқу жылында бір семестр Польшаның Новы Сонч атты қаласында «Психология, бизнес-менеджмент» мамандығы бойынша білім алған.

«Польша университетінде оқытушылардың ақпаратты өте оңай, жалпақ тілде, түсінікті етіп жеткізетіндерін байқадым. Сонымен қатар, сабақтар онлайн/оффлайн түрде ұйымдастырылды, онлайн сабақтар CloudA деп аталатын платформада салынып тұратын, емтихандар эссе форматында өтетін.

Поляк халқына келсек, олар табиғатынан салқынқанды, сұсты болып көрінді. Польшаға барып поляктармен емес, украин, армян, француздармен жақын араласып кеттік.

Меніңше, академиялық ұтқырлық бағдарламасы – өте керемет мүмкіндік. Замандастарыма айтарым – «Ағылшыным мәз емес, қорқамын» деп өздеріңізді артқа тартпаңыздар. Шет елді көру, жаңа ұлттармен танысу арқылы көкжиектеріңіз кеңейіп, танымдарыңыз артып, өздеріңіз үшін жаңа, тың дүниелер ашаңыздар. Әрі жауапкершілік, түрлі тығырықтардан шығала алатындай тапқырлық секілді қасиеттерді бойыңызға дарытасыз.





«БОЛАШАҚҚА – СЕНІММЕН»

Атырау университетінің «Жайық» мәдени-спорттық кешенінде «Болашаққа – сеніммен» атты бірінші курс студенттерін қатарға қабылдау кеші өтті.

Іс-шарада ең алдымен Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тарихы туралы арнайы дайындалған бейнеролик көрсетілді.

Іле-шала университеттің басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов студенттік билет табыстау рәсімін өткізді. Өз кезегінде ол жарты ғасырдан астам тарихы бар байырғы білім ордасына қабылданған шәкірттерге деген ыстық ықыласы мен ізгі тілегін білдірді. Жоғарғы оқу орнында 8 мыңнан астам студент білім алып, 400-ге жуық профессор-оқытушылар қызмет ететінін атап өтті.

– Біздің мақсатымыз – жастарға сапалы білім беріп, еліміздің дамуына қызмет ететін білікті кадрларды даярлау. Өздеріңізге белгілі, университетімізді әр жылдарда аяқтаған түлектер – ғылым саласында, білім беру ісінде, республикалық және жергілікті басқарудағы мемлекеттік қызметте, кәсіпкерлік пен бизнесте үлкен жетістіктерге жетті. Бұны шәкірт тәрбиелеудегі оқытушы-профессорлар құрамының даңқты жемісі деп білемін, – деп студенттердің алдағы оқуына сәттілік тіледі.

Университет ректоры бірінші курс студенттерінің төлқұжаты – «Студенттік билетті» гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің 1-курс студенті Айдынға Исламғалиевке табыстады.

Сондай-ақ, студенттерге жастардың шығармашылық, ғылыми және көшбасшылық әлеуетін дамытуға арналған клубтар таныстырылды. Атап айтқанда, арнайы қызыл кілем үстімен – университетшілік «Asu», «Саф» театрлары, «Қыз Жібек», «Сенатор», «Жайдарман», «Болашақ» және басқа да өнер мен қайырымдылық ұйымы кілдері салтанатты түрде жүріп өтті. Одан әрі әр факультетте білім алып жатқан студенттер өз өнерлерін ортаға салды.

Айта кетейік, тарихы терең қара шаңыраққа жыл сайын мыңдаған түлек оқуға қабылданады. Биыл оқуға қабылданған 2300-ге жуық студенттің 613-і – грант иегері.

Салтанатты іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Атап айтқанда, оқу ордасының ішінен құрылған «Саф» театры алғаш рет үлкен сахнаға шығып, өнер көрсетті. Бұдан бөлек, Атыраудағы Қайрат Нұртас өнер мектебінің шәкірттері де әннен пашу пашты. Сол секілді, арнайы шақырылған жұлдызды әнші – Нурик Бармаков көрермендерді жаңа туындыларымен тәнті етті.

Әділет ҚАНАТҰЛЫ, Ғалия АРЕНОВА,
журналистика мамандығының 2-курс студенттері



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті